

Азаматтық қорғау саласындағы мәселелерді шешу жөніндегі шаралар туралы толық ақпарат

Өрт сөндіру бөлімшелері жеке құрамының штат санының белгіленген талаптарға сәйкес келмеуіне қатысты

Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі – ТЖМ) ақпараты бойынша қазіргі уақытта 172 өрт сөндіру бөлімшесі (жалпы санынан 41,3%) толық көлемде жинақталмаған, олардың штаттық құрылымы 16-дан 24 бірлікке дейін көзделген. Негізінен мұндай бөлімшелер ауылдық елді мекендерде ұйымдастырылған және әкімшілік аудандардың өрт қорғанысын қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, ТЖМ ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша саны аз жекелеген өрт сөндіру бөлімдерін нығайту үшін штат санын қайта бөлу мәселесін қарастыра отырып, дабыл бойынша өрт сөндіру бөлімшелерінің шығуларына талдау жүргізуді жоспарлап отыр.

Жаңадан құрылатын өртке қарсы инфрақұрылым объектілерінің (Нұр-Сұлтан қаласында (1), Алматы қаласында (2), Шымкент қаласында (1), Ақтөбе (4), Атырау (1), Маңғыстау (1) және Түркістан обл. (1)) қызметін қамтамасыз ету үшін 2021 жылдың қаңтарында Мемлекет басшысымен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары қызметкерлерінің штат санының лимитін кезең-кезеңімен 1041 бірлікке, оның ішінде 2021 жылы – 494 бірлікке, 2022 жылы – 547 бірлікке ұлғайту туралы мәселе келісілген.

Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің саны және өрт сөндіру депосы ғимараттарының жай-күйіне қатысты

ТЖМ ақпараты бойынша тиісті құрылыс нормаларына сәйкес жүйелік кепілдендірілген өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін (ҚР ҚН 2.02-04-2019) қосымша 127 өрт сөндіру депосының құрылысы қажет.

Бұдан басқа, жұмыс істеп тұрған 112 өрт сөндіру депосы күрделі жөндеу жүргізуді талап етеді.

Қазіргі уақытта республика аумағында 416 мемлекеттік өртке қарсы қызметтің өрт сөндіру бөлімшелері жұмыс істейді, оның ішінде 185 депо (44%) қалаларда, 231 (56%) – ауылдық елді мекендерде орналасқан.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – ИИДМ) ТЖМ-мен бірлесіп, тиісті инфрақұрылымы бар 6, 4 және 2 өрт сөндіру автомобильдеріне күрделі және модульдік орындалған өртке қарсы қызмет объектілерінің үлгілік жобаларын әзірледі, бұл оларды іске асыру кезінде бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Елді мекендердің өртке қарсы қорғау инфрақұрылымын дамыту бойынша жүйелі жұмыстар Өрт сөндіру деполары мен құтқару станцияларын басым салу жоспарына сәйкес (азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның

31.07.2019ж. № 667 бұйрығы) жүзеге асырылады, оны іске асыру 2042 жылға дейін өрт деполарының нормативтік санын 100%-ға қамтамасыз етуді көздейді.

Тұтастай алғанда, жоғарыда аталған Жоспардың іс-шараларын іске асыру бюджеттің кіріс бөлігінің мүмкіндіктерін негізге ала отырып және елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды ескере отырып, бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

Қазіргі уақытта өртке қарсы қызметтің 18 объектісінің құрылысы жүргізілуде, оның ішінде 3 депо – республикалық бюджет қаражаты есебінен (Нұр-Сұлтан қ. (1) және Түркістан обл. (2)), 15 депо – жергілікті бюджет есебінен (Алматы (2), Шымкент (1), Ақтөбе (6), Алматы (2), Атырау (2), Батыс Қазақстан (1) және Түркістан обл. (1)).

Арнайы өрт-құтқару техникасы мен жабдықтарын сатып алуға бөлінетін қаражатқа қатысты

«2018 – 2020 жылдарға арналған азаматтық қорғау бөлімшелерін материалдық-техникалық жарақтандыру туралы» жол картасына (ІІМ мен Қаржыминінің әкімдіктермен келісілген бірлескен бұйрығы) сәйкес жалпы сомасы 33,4 млрд теңгеге әртүрлі мақсаттағы 597 бірлік техника, 22 мыңнан астам бірлік өрт-құтқару жабдығы мен құралдары сатып алынды.

2021 – 2023 жылдарға арналған тиісті жол картасында (ТЖМ мен Қаржыминінің әкімдіктермен келісілген бірлескен бұйрығы) 731 бірлік өрт-құтқару техникасын, 21362 бірлік өрт-техникалық және авариялық-құтқару жабдықтарын және 9492 бірлік арнайы жабдықтарды сатып алу үшін жалпы сомасы 47,9 млрд теңге қаржыландыру көзделген.

Ағымдағы жылы жергілікті атқарушы органдары жалпы сомасы 8,7 млрд теңгеге түрлі мақсаттағы 192 бірлік автотехника мен 1543 бірлік жабдық пен құрал-жабдық сатып алуды жоспарлап отыр.

Республикалық бюджеттік комиссия 2022 жылы республикалық бюджеттен 39 бірлік өрт сөндіру техникасын сатып алу үшін 2,1 млрд теңге көлемінде қаражат бөлуді қолдады.

Тұтастай алғанда, уәкілетті органдар өрт-құтқару бөлімшелерін материалдық-техникалық жарақтандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде, азаматтық қорғау органдарын қаржыландыру мәселелері бюджеттің кіріс бөлігінің мүмкіндіктеріне сүйене отырып және елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескере отырып, бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралуда.

«112» арнайы нөміріне келетін қоңырауларға қатысты

«112» қызметінің диспетчерлері өңдейтін негізгі емес сипаттағы қоңыраулар саны (телефон байланысын тексеру, анықтамалық ақпарат алу үшін қоңыраулар, балалардың тентектігі, нөмірді қате теру және т.б.), ай сайын шамамен 48 мыңды құрайды, бұл жалпы санның 75%-ын құрайды (барлығы айына 64,3 мың қоңырау).

Әртүрлі сипаттағы хабарламаларды уақтылы қабылдау және өңдеу мәселесін шешу, сондай-ақ азаматтарға ыңғайлы болу үшін 2020 жылғы

маусымда «112» қызметін дамыту және жұмыс істеуі жөніндегі функцияларды жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне беруді көздейтін заңнамалық түзетулер қабылданды (2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

Жергілікті атқарушы органның «112» қызметінің диспетчері «бір терезе» қағидаты бойынша хабарламаларды қабылдауды, оларды сараптау және жедел қызметтерге (101, 102, 103, 109 және т.б.) құзыреті бойынша ауыстыруды (қайта бағыттау) жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта бұл шешім Ақмола, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Қызылорда облыстарында пилоттық жобалар шеңберінде іске асырылуда.

Күшті әсер ететін улы заттардың (бұдан әрі – КӘУЗ) таралуына байланысты авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды орындау үшін радиациялық-химиялық және биологиялық қорғау (бұдан әрі – РХБҚ) бөлімшелерінің болмауына қатысты

«Азаматтық қорғау туралы» Заңның 8-бабына сәйкес азаматтық қорғаудың арнайы іс-шараларын орындауды қамтамасыз ету және осы мақсатта күштер мен құралдарды дайындау үшін республикалық, облыстық, қалалық, аудандық азаматтық қорғау қызметтері құрылады.

«Республикалық азаматтық қорғау қызметтерінің тізбесін бекіту туралы» Үкіметтің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1210 қаулысына сәйкес 9 орталық атқарушы органның (ТЖМ, ИМ, ДСМ, ИИДМ, ЭМ, ЭГТРМ, АШМ, АҚДМ, ЦДИАӨМ) базасында 15 республикалық азаматтық қорғау қызметі, оның ішінде Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – ЭМ) базасында – Республикалық радиациялық қорғау қызметі, ИИДМ базасында – Республикалық химиялық қорғау қызметі құрылған.

Осыған ұқсас аумақтық деңгейдегі қызметтер тиісті әкімшілік-аумақтық өңірлерде әкімдердің шешімдерімен құрылған.

Сонымен қатар, «Ядролық және радиациялық аварияларға ден қоюдың ұлттық жоспарын бекіту туралы» Үкіметтің 2016 жылғы 19 тамыздағы № 467 қаулысымен орталық және жергілікті атқарушы органдардың ядролық немесе радиациялық авариялар кезіндегі құқықтары мен міндеттері көрсетілген.

Сонымен қатар, КӘУЗ шығуына байланысты төтенше жағдайларды жою үшін өзара іс-қимыл шеңберінде Қорғаныс министрлігінің РХБҚ бөлімшелері тартылады (Қапшағай қ., Тараз қ. және Семей қ. радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаудың 3 жеке батальоны, радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаудың 2 ротасы Нұр-Сұлтан және Ақтау қалаларында, Қарулы Күштер түрлерінің 6 есептеу-талдау станциясы және олардың өңірлік қолбасшылықтарында).

ТЖМ құрылымында РХБҚ функциясын азаматтық қорғаныстың 3 әскери бөлімі (Алматы облысы Ұзынағаш к., Қарағанды қ. және Семей қ.) және Республикалық жедел-құтқару жасағы (Алматы қ.) жүзеге асырады, олардың негізгі міндеттері РХБ жағдайын анықтау және бағалау, бөлімшелерге, техникаларға, объектілер мен құрылыстарға қазіргі заманғы зақымдау

құралдарының зақымдау факторларынан арнайы өңдеу жүргізу болып табылады.

Бұдан басқа, ТЖМ өңірлердің Төтенше жағдайлар департаменттерін өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметтерінде РХБҚ бөлімшелерін құру мәселесін пысықтауда.

Елде құрамында сынап бар иондаушы сәулелену көздері табылған кезде теріс салдарларды барынша азайтуға жауапты уәкілетті мемлекеттік органды айқындауға қатысты

Иондаушы сәулелену көздеріне қатысты

«Иондаушы сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алу қағидаларын бекіту туралы» ЭМ-нің 2016 жылғы 12 ақпандағы № 59 бұйрығына сәйкес уәкілетті орган (ЭМ) сәулелену көздерін мемлекеттік есепке алуды жүргізеді.

ЭМ базасында құрылған республикалық радиациялық қорғау қызметінің негізгі міндеттерінің бірі халыққа, аумақ пен объектілерге иондаушы сәулеленудің әсерін болдырмау немесе әлсірету, сондай-ақ оларды радиоактивті заттармен ластанудан қорғау болып табылады.

Құрамында сынап бар қосылыстарға қатысты

Қазақстан Республикасында сынап пен оның қосындылары көбінесе фармацевтика (*термометрлер*) және химия өнеркәсібінде қолданылады.

«Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Үкіметтің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысына сәйкес химия және фармацевтика өнеркәсібі салаларындағы басшылықты ИИДМ жүзеге асырады.

ИИДМ уларды, оның ішінде сынап пен оның қосындыларын өндіру, қайта өңдеу, сатып алу, сақтау, өткізу, пайдалану, жою бойынша қызметті жүзеге асыру үшін лицензиялар беруді жүзеге асырады.

ИИДМ базасында құрылған республикалық химиялық қорғау қызметінің негізгі міндеттерінің бірі халықты, аумақтар мен ұйымдарды химиялық зақымданудан тиімді қорғауды қамтамасыз ету, газсыздандыру жұмыстарын жүргізу, КӘУЗ жұқтыру ошақтарын жою болып табылады.

КӘУЗ шығарылуымен байланысты төтенше жағдайлар қатері төнген және туындаған кезде авариялық-құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу тәртібін, мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды, эвакуациялық іс-шараларды және т. б. көздейтін жаһандық, өңірлік, жергілікті және объектілік ауқымдағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-қимыл жоспарлары қолданылады.

Хабарландыру жүйелеріне қатысты

Халықты төтенше жағдайлар қаупі мен оның туындауы туралы хабардар ету және хабардар ету электродабылдарын (*сиреналық-сөйлеу құрылғыларын*) іске қосу, телерадиохабарларын таратуды ұстап қалу, ведомстволық интернет-

сайтта ақпарат орналастыру, ұялы телефондарға SMS-хабарламалар жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында, Алматы, Ақтөбе, Жамбыл және Маңғыстау облыстарында халықты төтенше жағдайлар туралы хабардар ету үшін цифрлық эфирлік телехабарды ұстап қалу, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Павлодар, және Солтүстік Қазақстан облыстарында аналогтық телехабарды ұстап қалу пайдаланылады.

Ел халқын хабардар ету үшін шамамен 3 мың электродабыл пайдалануда (*қосымша 4487 бірлік қажет*).

Ағымдағы жылдың басынан бастап жергілікті атқарушы органдар құлақтандыру жабдықтарын (*сиреналар, сиреналық-сөйлеу қондырғылары, аудандық және облыстық деңгейдегі басқару пульттері және т.б.*) сатып алу үшін 750,3 млн. теңге бөліні.

Алматы, Атырау, Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Солтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Алматы және Шымкент қалаларында заманауи басқару пульттері орнатылды.

ТЖМ жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, өңірлерді дамытудың тиісті бағдарламаларын іске асыру шеңберінде тиісті жұмыстарды жалғастыруда.

Қызметкерлерді шағын бейнетіркегіштермен, планшеттермен және термопринтермен қамтамасыз етпеуге қатысты

Инспекторлық құрамның халықпен өзара іс-қимылы кезінде аудио және бейнежазба үшін қажетті планшеттік компьютерлер, мобильді термопринтерлер бейнетіркегіштер «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі бөлімшелерін байланыс құралдарымен, ұйымдастыру техникасымен, бағдарламалық қамтылыммен, ақпаратты қорғаудың аппараттық және бағдарламалық құралдарымен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы» Төтенше жағдайлар министрі бұйрығының жобасына енгізілген.

Жоғарыда аталған жоба Қаржы министрлігімен келісілгеннен және бекітілгеннен кейін бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті жабдықты сатып алу мәселесі қаралатын болады.

Азаматтық қорғау органдарының жеке құрамын нысанды және арнайы киім-кешекпен қамтамасыз ету жөніндегі мәселелерге қатысты

Ағымдағы қаржы жылында ТЖМ бөлімшелері үшін нысанды киім-кешек сатып алуға 546,2 млн теңге сомасында қаражат бөлінді.

Сонымен қатар, қазіргі уақытта азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері үшін нысанды киім-кешектің жаңа үлгілерін әзірлеу жүзеге асырылуда, олар енгізілгеннен кейін бюджеттік заңнамада белгіленген тәртіппен оларды сатып алу мәселесі қаралатын болады.
